



EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan

ISSN 1563-034X • Индекс 75880; 25880



KazNU Science • ҚазУУ Ғылымы • Наука КазНУ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЪ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

EURASIAN JOURNAL

OF PHILOLOGY: SCIENCE AND EDUCATION

2(166) 2017

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

of Philology: Science and Education

№2 (166)


Алматы
«Қазак университеті»
2017



ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ №2 (166)

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Зуева Н.Ю. – ф. ғ. к., доценті (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбдиманұлы Ө. – ф. ғ. д., профессор (ғылыми редактор)
(Қазақстан)

Күркебаев К.К. – ф. ғ. к., доцент (ғылыми редактордың
орынбасары) (Қазақстан)

Таева Р.М. – ф. ғ. к., профессор м.а. (редактордың
көмекшісі) (Қазақстан)

Туманова А.Б. – ф. ғ. д., профессор (редактордың
көмекшісі) (Қазақстан)

Алимтаева Л.Т. – ф. ғ. к., доцент м.а. (редактордың
көмекшісі) (Қазақстан)

Дарибаев С.Д. – ф. ғ. к., доцент (Қазақстан)

Джолдасбекова Б.У. – ф. ғ. д., профессор, ҰҒА
корреспондент-мүшесі (Қазақстан)

Донна Орвин – ф. ғ. д., профессор, Торонто университеті
(Канада)

Евдокимова С. – PhD, асс. профессор, Браун университеті
(АҚШ)

Жаң Жин Жин – ф. ғ. д., профессор, Пекин ұлттық
орталық университеті (Қытай)

Карағойшиева Д.А. – ф. ғ. к., PhD, доцент (Қазақстан)

Кибаляник С.А. – ф. ғ. д., профессор, Орыс әдебиеті
институты (Ресей)

Мадиева Г.Б. – ф. ғ. д., профессор (Қазақстан)

Морхье Пост – PhD, асс. профессор, Берген университеті
(Норвегия)

Насие Йылдыз – ф. ғ. д., профессор, Гази университеті
(Түркия)

Риверс Уильям П. – ф. ғ. д., профессор, Ұлттық кеңес
және тілдерді дамыту жөніндегі халықаралық оқыту (АҚШ)

Салқынбай А.Б. – ф. ғ. д., профессор (Қазақстан)

Сэт А. Агбо – PhD, асс. профессор, Лейкхэд университеті
(Канада)

Сүлейменова Э.Д. – ф. ғ. д., профессор (Қазақстан)

Темірболат А.Б. – ф. ғ. д., профессор (Қазақстан)

Кенжеканова Қ.К. – PhD, техникалық редактор
(Қазақстан)



Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шахкозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakhkzova@kaznu.kz

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мәлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 10948

Басуға 22.05.2017 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 35,3 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс № 3152. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

СОДЕРЖАНИЕ – MAЗМУНЫ

1-бөлім Раздел 1 Әдебиеттану Литературоведение

<i>Садыгов Ш.</i> Место жанра романа в современной азербайджанской литературе. Детективная литература.....	4
<i>Абдилла Д.М., Джолдасбекова Б.У.</i> Жанровое многообразие в творчестве Дмитрия Снегина.....	10
<i>Айнабекова Г.Б.</i> Интертексты в повести В. Михайлова «Великий джуг».....	15
<i>Асқарова А.Ш., Оспанова Г.</i> Әдебиет сыны тарихын жасау проблемалары және оның ғылыми-методологиялық негіздері.....	19
<i>Ахметжанова А.И.</i> Национальный колорит и цветообозначения в поэзии А. Ахматовой	25
<i>Балтымова М.Р.</i> Әдебиеттегі батырлар бейнесі – ұлттық тәрбие қайнары	29
<i>Гусейли Ш.А.</i> Эпические формулы в азербайджанских историко-героических эпосах	35
<i>Дәрібайұлы С.</i> Ақын-жыраулар поэзиясындағы шариғат негіздері	42
<i>Dzhalamova Zh., Joldasbekova B.</i> Space of daily life in eternity dimensions.....	48
<i>Итегұлова С.А.</i> «Ләйлі – Мәжнүн» жырындағы бас қаһармандардың өзіндік сипаттары	52
<i>Какильбаева Э.Т.</i> Возможности гипертекстовых технологий в исследовании диалога Олжаса Сулейменова с предшественниками	57
<i>Kakisheva N.T.</i> Dmitry Snegin's novels of recent year.....	61
<i>Қалиева А.Қ.</i> Заман келбеті драматургияда.....	65
<i>Картаева А.М., Қайырбаева А.М.</i> М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының жазылуы мен жариялануы	70
<i>Мәмбетов Ж.</i> Ақын Бауыржан Жақыптың лирикасы	75
<i>Мәдібаева Қ.Қ.</i> Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» повесіндегі ауыл тұрмысын суреттеу ұстанымдары	82
<i>Мейрамғалиева Р.М.</i> А.М. Горький и Ф.М. Достоевский: полемичность их творчества	87
<i>Мирзалиев Т.Э.</i> Основные факторы в истории азербайджано-европейских литературных связей	92
<i>Сарбасов Б.С., Жұмақаева Б.Д.</i> Көне түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мифтер	98
<i>Сарсекеева Н.К., Жетис Н.Н.</i> Художественная специфика реалистических рассказов М. Зверева о животных в контексте анималистической литературы Казахстана.....	102
<i>Сафарова Д.Р.</i> Своеобразие контаминаций в азербайджанских сказках	107
<i>Сейітжанов З.Н., Оспанова А.А., Абиханова Г.</i> Ақтан мен Ақбала айтысы	114

Дәрібайұлы С.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ф. к.,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: samal.daribaev@mail.ru

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ШАРИҒАТ НЕГІЗДЕРІ

Сөз зергерлері жыр тыңдаған жамағатты шын мәнінде ислам дінінің тұнық қайнарымен сусындатты. Олар бұл ретте Құран аяттарына, Алланың соңғы елшісі Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымыздың хадистеріне және ислам ғұламаларының еңбектері мен орта ғасырлық әдеби жәдігерлерге сүйенді. Дүние жаратылысының сырын жыр арқауына айналдырған Арқадан Атырауға дейінгі дәстүрлі өнер мектептерінің өкілдері өз тыңдарманын жаратылыстың тылсым сырына үнілдіріп, одан ғибрат алуға үндейді. Бұл мақалада ақын-жыраулардың өлең-толғауларындағы мұсылман парыздары туралы философиялық ой-тұжырымдары баяндалған. Адамзат тарихымен мәңгі бірге жасасып келе жатырған тақырыпты зерделеген ақын-жыраулар өз тыңдаушысын мұсылман парыздарынан ғибрат алуға шақырады. Адамның Алла алдындағы ұлы миссиясы – жаратылысты, өзін жаратқан Иесін адаспай тануға талпыну болып қала бермек. Дүние жаратылысының ұлы мақсатын жеткізуге тырысқан ақын-жыраулар жыр тыңдаған жамағатты шын мәнінде ислам дінінің тұнық қайнарымен сусындатты.

Түйін сөздер: парыз, жыр, ғалам, иман нұры, дін, ислам негіздері, ғалам.

Daribaiuly S.

Basics of Shariain poetry of akyns and zhyray

The disclosure of the great goal of the creator of the world, and zhyrau akyns society ascribe to deep clean and the origins of Islam. These sources come from the Koran, have strong foundation in the last Messenger of Allah Hadith of the Prophet Muhammad (f.s.) and in the writings of Islamic scholars and the heirs of the medieval literary tradition. These motifs Creation heard from the Arch to Atyrau, and through them representatives of the traditional art of singing schools ascribe his audience to the laws of the universe, urging them to take as a perfect example.

His article discusses the philosophical ideas about the duty of Muslims, prevailing in songs-tolgau akyns zhyrau and early twentieth century. Along with the normal development of human history, and zhyrau akyns urged his listeners to follow the example of the Muslim duty. The great mission of man before God – the desire to know the existence of the Creator and the Maker of it.

Key words: humanity, song, nature, spiritual value, religion, basics of Islam, peace.

Дарибайұлы С.

Основы шариата в поэзии акынов и жырау

Для постижения и раскрытия великой цели творца мира акыны и жырау приобщают общество к глубоким и чистым истокам исламской религии. Эти истоки исходят из Корана, имеют прочные основания в хадисах последнего посланника Аллаха пророка Мухаммеда (ф.с.) и в трудах исламских ученых и наследников средневековой литературной традиции. Мотивы сотворения мира слышны от Арки до Атырау, и через них представители традиционных школ певческого искусства приобщают своих слушателей к законам мироздания, призывая их взять за совершенный образец. В настоящей статье изложены философские выводы о долге мусульман в песнях-толғау акынов и жырау. Наряду с освоением тем обычной человеческой истории, акыны и жырау призывают своих слушателей брать пример с полеводателей мусульманского

долга. Великая миссия человека перед Всевышним – стремление познать бытие и сотворившего его Творца. Для раскрытия великой цели творца мира, акыны и жырау приобщают общество к глубокому и чистому истокам исламской религии.

Ключевые слова: гуманность, песнь, природа, духовная ценность, религия, основы ислама, мир.

Алланы жан дүниесімен тану, Оның барлығын, бірлігін, құдіретін түйсіну–мұсылман баласы үшін ең басты парыз. Ораза ұстап, намазға жығылу, қажылыққа барып, зекет беру секілді парыздардың Аллаға иман келтірмей тұрып қайырлы болуы мүмкін емес. Иісі қазақты имандылыққа шақырып, хан Абылайдың абыройын асқақтатқан Бұқар жыраудың «Тілек» атты атты толғауын «Бірінші тілек тілеңіз, бір Аллаға жазбасқа» деп бастауы дін мұсылман баласының арман-мұраты Жаратушымен бірлікте ғана баянды болатынын аңғартқан болатын. Жырау енді бірде:

Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес [1,97], –

деп адамгершілік өлшемі Аллаға шексіз берілген амал-әрекеттермен негізделенетінін тұжырымдап, ихсанды толық түсіндіреді.

Шал акынның өлеңдерінде де Жаратушы Иенің бірлігіне, Оның құдіретіне иман ету басты парыз саналғанын аңғару қиын емес.

Тілеймін бір құдайдан әуелі иман,
Айрылсам иманымнан көрге сыйман,
Бере гөр тілегімді, Хақ Тағала,
Құдай-ау, құдіретіңе жаным құрбан [2,95], –

деген өлең жолдары акынның қандай істің бастауында да Алла Тағала тұратынын терең түсіндіре алғандығын көрсетеді.

Бұл жолдарды Мәшһүр Жүсіп:

Аузыңда болсын дайым Құдай сөзі,
Таймасын қарарлықтан көңіл көзі.
«Бір!» деп, «бар!» деп илану – бізге парыз,
Ғаламға он сегіз мың патша – өзі! [3,126] –

деп салмақтай түседі.

Аллаға деген іңкәрлік, он сегіз мың ғаламның Иесінің құдіретіне бас ию қазақ әдебиетінің алтын ғасырына баланған мезгілдегі акын-жыраулардың шығармаларында да өрісін кеңейтті. Қазақ зиялыларының басым бөлігі, соның ішінде акын-жыраулар ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың жолын ислам дінінің аясынан

іздеді. Қазақтың қабырғалы ойын айтып, ақыл-дариясының қазынасына айналған Абайдың алдағы тірліктің тынысын:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас [4,212], –

деп Жаратушының жалғыздығын танытудан бастауы бекер емес.

Алланың құдіретін танып, Оған мінезат ету сарыны XIX ғасырда өмір сүрген сөз зергері Ақтан Керейұлының толғауында:

Лә-илаһа ил-Алла–
Мұхамед-Расул Алла–
Дәлелім мағруф Құраннан.
Фазылың артық Құдайым,
Бір өзіңе жылайын [5,181], –

деп кәлимамен айтылған.

Адамды адамнан ерекшелейтін жалғыз қасиет жүрегінің имани нұрында, көкірек көзінің сәулесінде. Пендеге екі дүниеде де азық болар дүние-пәни жалғандағы адамгершілік іс әрекеті. Тән азығын ғана емес, жан азығын алуға амал еткен пенденің иманы кәміл, көкірегі сәулелі. Иман нұры – еш нәрсемен өлшенбейтін, еш нәрсеге теңелмейтін иллаһи қасиет.

Діни-ағартушылық поэзияның көрнекті өкілдерінің бірі Ақмолла Мұхамедиярұлы адам баласының рухани құндылықтарының түп темір-қазығы имандылықтан бастау аларына былайша тоқталған болатын:

Ең әуелі керек нәрсе иман деген
Ақырет істеріне инан деген
Құдая, кешір деген мен іс бітпейді,
Иман шартын үйренбес аюан деген [6, 184].

Сөз өнерінде өрнекті өлеңімен ойлы тұжырым жасаған Әріп Тәңірбергенов те:

Сұйық па, иман қандай я кесек пе,
Не түрлі: мал ма, пұл ма, жанға есеп пе?
Иман деп не нәрсені айтпақ керек,
Жеуге тамақ, мінерге ат па, есеп пе?

Ей, ғапыл, иман демек, шынға нанбақ,
Шындықты нысап тұтып көңілге алмақ.

Жүректі адалдыққа анық байлап,
Тартынып арамдықтан таза қалмақ...

Осындай шын ниетпен қылсаң пікір,
Жүрекке тұтпақ керек шындық пікір.
Жолынан әділдіктің айнымасаң,
Иман деп соны айтады сансыз шүкір [7,177], –

деп жан дүниенің байлығы иман нұрымен ғана бағаланатынына тоқталады.

Жаратушының жалғыздығын тану, шын сезіммен сүю, Оған мойынсұну – өзін мұсылман санайтын Алла құлының амалы. Аллаға құлшылық еткен пенденің жан тебіренісі, Жаратушы Иеге деген іңкәр сезімі акын-жыраулардың мінәжат өлеңдерінде терең көрініс тапқан. Дін тақырыбындағы басқа шығармалардан айырмашылығы мінәжат өлеңдері Алладан жәрдем тілеп, құлшылық ету сарынында айтылады. Осы сарындағы өлеңдер әсіресе Сыр өңірі мен батыс аймақтағы сөзден салтанат құрған ақындардың шығармаларында жиірек кездесетінін айта кеткен абзал. Тұрмағамбет ахунның төмендегі «Мінәжат» атты өлеңі осы пікірімізге дәлел бола алары анық:

Серігін жоқ бір, Алла,
Өлмейтін тіпті тірі, Алла.
Осыншаны халық еткен,
Құдіреті күшті ірі, Алла.
Қалайда да құлынның,
Өзіңе мағлұм сыры, Алла.
Тәубе, тауфиқ бермесен,
Кеуілімді басты кір, Алла.
Сол кірлерді кетіріп,
Ойыма орнат нұр, Алла [8, 140].

Шайыр әр істің де бастауында бір Алла тұрарына, адам баласының басар қадамы Жаратушыға ғана аян екенін әрдайым еске салады. Тылсым дүниенің бар сыры, адам үшін жұмбақ әлемнің құпиясы Оған ғана белгілі екенін жүрекке ұйытады. Тағы бірде ізгі амалдарды тек басқа қиыншылық туған сәттерде ғана бастамай, сау-саламат шақта талпыну қажеттігін «Аллаға» атты өлеңінде:

Алла – деп аландықты қойып енді,
Дін камын ден сауында дос көріңдер.
Тартымсыз тірілікке талтандамай,
Асылында, алдын ойлар ескерімді ер [8,67].

деп ескертеді. Жалпы, Алла Тағалаға мінәжат ету сарыны-акын-жыраулар поэзиясындағы арнайы зерттеу нысанына айналуы тиіс кең тынысты тақырыптардың бірі. Адамның өзінің

Иесіне деген ең ізгі амалдары оның жүрегіне ұйытқан құлшылығынан бастау алады. Ел басына күн туған небір алмағайып замандарда акын-жыраулар толғауларынан Алладан көмек сұрау, медет тілеу сарыны айқын аңғарылады.

Хандық институт тұсындағы жыраулардың соңғы өкілі Бұқар Қалқаманұлының «Бес уақытта бес намаз, біреуі қаза қалмасқа» деген өсиетін кейінгі сөз маржанын терген акын-жыраулар да жалғастырып, пенде тіршілігіндегі ұлық амалды ардақтайды. Мысалы, Шал Құлсекеұлының мұсылмандықтың айнымас дәлелі болатын бес уақыт намазды қаза қылмауды өсиет етуі төмендегі жыр шумағына өзек болған:

Жігіттер, ғибадат қыл, маған нансаң,
Намаз оқы, Алланы ойыңа алсаң.
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқыт та өлген,
Түбінде сөз сенікі, өлмей қалсаң [2,105].

Шал ақын пайымдауында намаз – пенденің жаратушы алдында сұралар басты парызы. Адам баласы қамшының сабындай қысқа ғұмырында оның мәнін терең түсінгені абзал. Ақын Алланың адам баласына аманаттаған парыздарын:

Бір құдайдан тілеймін иман, ғақыл,
Ақылсыздан әрбір ісім өтті ғафыл
Ораза ұстап, бес намаз оқығанның,
О дүниеге барғанда ісі мақұл [2,93], –

деп түйіндейді.

Құбылаға бас қоймақ –
Мұсылманның тарығы.
Ораза, намаз қылғанның
Көңілінде құдай барлығы [9, 275], –

деп толғаған Шортанбай Қанайұлы дін исламның адамзат баласына арналған парыз амалдарынан артық үлкен сый жоқ екенін меңзейді. Ақын енді бірде пәниден бәрзаһқа көшкен пенденің жалған тірлікте біліп-білмей істеген күнәларына қалқан болар жалғыз медет тек намаз – оразадан ғана болатынын да:

Сираттың желі соққанда,
Ораза – намаз панаң-ды [9,277] –

деп ескертеді. Ақынның пәни тірлікте орындаған қасиетті парыздардың қиямет күні пана болатынына жамағатты ұйығуы аятты өмірден көрмейтін дүмше моладалардың уағызына қарағанда әлдеқайда тиімді болды.

Алла алдындағы мінезжәт, амал-парыздарды орындаудың артықшылығын жырға қосу Жетісу өңірінде жыр мектебін қалыптастырған ақындар шоғырына да тән. Шариғаттан шарапат іздеп, жетелі сөзін:

Бес уақыт намазды
Бакқан қойдай күтіңіз [10], –

деп жырмен жеткізген Қабліса жыраудың имандылық туралы пайымдаулары кейінгі ұрпаққа өнеге.

Маңғыстаудың ақ шағылында Құранның әуезді мақамымен жыр кестелеген Қашаған ақынның шығармасында да ораза мен намаздың мұсылман баласы үшін орындауы тиіс қасиетті парыздардың бірі екендігі ескертіледі:

Ораза, намаз – парызды,
Қайтарған Хаққа қарызды
Менің де тұтқан дінім бар [11,66].

Ақын осылайша Алла парыз еткен амалдарға бас иіп, шүкіршілік етеді.

Баянауылдың баурайында ислам дінін елге кеңінен насихаттап, шариғаттың шапан киіп, сәлде ораумен өлшенбейтінін өлеңімен өрнектеген әулие Мәшһүр Жүсіп те Алла аманаттарын:

Екінші, намаз екен бізге парыз,
Айтпасақ білмегенге бізге қарыз.
Нәпсіні құрбан қылып бауыздасак,
Құдайға жетеді екен сонда ғарыз [3,166], –

деп жырға қосқан болатын.

Бес уақыт намаздың ең қасиетті парыз екендігін Сыр саңлағы Тұрмағамбет ахун да «Бәз біреу бақ-дәулетке масығады» атты насихат өлеңінде:

Түз-дәмін тататқұн түгесілсе,
Міндіріп «ағаш атқа» асырады.
Көзінді қарға құзғын шоқымасқа,
Туғаның топырақпен жасырады.
Соны ойлап Саттар Хаққа сәнә айтып,
Ойлы ерлер күніне бес бас ұрады [8,69]–

деп ғибрат етеді. Тұрмағамбет ақыреттегі ама-лын түгендеген алаш баласына өз бойындағы нәпсісін жеңбейінше Жаратқанның игілікке берген несібелерінен алыста болатынына көңіл бөлген. Шайыр «Намаз» атты өлеңінде дәм тұзы таусылған пендеге сәждеге бас ұрып, Жаратушының алдындағы парыздарын орындауы ғана пана болатын:

Көзінді қарға-құзғын шоқымасқа,
Туғаның топырақпен жасырады.
Соны ойлап Саттар Хаққа сәнә айтып,
Ойлы ерлер күніне бес бас ұрады [8, 69], –

деп ескертеді.

Алла алдындағы парыз адамнан үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Оған жан – дүниенің тазалығымен, Жаратушыға деген іңкәр махаббатпен бару қажет. Дін тарихын терең зерделеген Ақмолла ақын бұл туралы:

Ең әуелі тазалау керек іштің кірін,
Іште толып жатпасын сасық ірін.
Аһ, дариға, іш тазарсын, іш тазарсын,
Болмасапайдабермесқұрыбілім [6,185] –

деп тереңдей барады.

Ұлы шындықты Алладан іздеген Абай өлеңдерінде де ислам парыздарына ерекше мән берілгені белгілі. Хакім Абай мұсылман баласының Алла алдындағы қам-қарекетінің тоқ етер түйініне:

Руза, намаз, зекет, хаж талассыз іс,
Жаксы болсаң, жаксы тұт бөрің тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен тартымды бермес жеміс [4,213].

деп тоқталып, пенденің Алла алдындағы парыздарының құр көзбояушылыққа, яғни мұнафыққа айналмауына ерекше мән береді.

Қажылық – Алланың адам баласына аманат еткен ұлық парыздарының бірі. Қажылыққа сапар шеккен мұсылман баласының ең қасиетті мекені – Мекке. Ақын-жыраулар өз шығармаларында қажылық парыз туралы ерекше тоқталған. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп қажылықтың мұсылман баласы үшін не себепті парыз болғанына ерекше мән бере отырып, оны өлең жолдарына өзек еткен болатын:

Жаратып он сегіз мың ғалам мүлкін
Ешбірінің кем қылмай ажар, көркін.
Үстінде Құдірет өзі патша тұрып,
Өзді-өзінің бәріне қойды еркін.

Сонда жарлық түсірді Көк пен Жерге:
«Тауға, қарға, алдыма кел, –деп, – бірге,
Ай, Күн, Жұлдыз, ағаш, шөп – шашбауыңмен
Ажарланып, көркейіп кір» – деп түрге.

Құдіреттің жарлығынан қатты састы,
Алдына құлдық бас, тәубе – қойды басты.
Көк пен жер бірдей шулап қоя берді
«Атына тағфин», – деп, аузын ашты.

Ауыз бар, жоқ болса да бас пен шеке,
Екеуі бірдей айтты, емес жеке.
«Сонда жердің ашылған аузы қай жер?»
Десендер, осы күнгі тұрған Мекке!

Мұнымды бекер деген кітап қарар,
Халқыма білгенімді айтсам жарар.
Көк пен Жердің аузы сол болғандықтан,
Құдайға жылаушылар сонда барар [3,35].

Жүсіп ақын қажылық сапарға иманы кәміл, ілім игерген пенденің баруын дұрыс деп есептейді. Ислам философтары қажылық сапарына қатысты төмендегіше пікір айтады: «Адамда Тәңірдің барлық «зәрре» сипаттары бар. Адам өз бойындағы зәрре сипаттарын аша білу үшін алдымен көңіл көзін (басират) ашуы тиіс. Тәңірге ұласудың үш сатысы бар: біріншісі - ақиқатқа ұласу үшін дүниеден ұзақ болу; екіншісі – жүректі тазалау; үшіншісі – Болмыс пен Бірлік (усилат). Мұрат – Тәңір, онымен бірлік құру, баскасы маңызды емес. Рухани еркіндікке жету – хз. Мұхаммедке мойынсұну арқылы жүзеге асады. Олар үшін ең үлкен қажылық жасау – рухқа жол табу болып табылады. Қажылық, негізінен, Тәңірдің махаббатын ішінде оятып, соған қарай (іштегі махаббатқа) бар көңілімен ұмтылу болып табылады. Бес парыз мақсат емес, ол мұратқа жеткізер құрал болғанда ғана шарт. Өйткені, шынайы құлдық етушілердің құбыласы даналық (хикмет) пен махаббат (ғашықтық) болуы тиіс» [12, 36]. Осы орайда аз күнгі тіршілікте ішкі жан дүниенің таза болуына мән берген Мәшһүр Жүсіп оқырманға:

Қажы барсаң, Ибраһимдей мал-жаннан кеш,
Бір құлайдан басқаны ойға алма еш!
Болмаса, малың шашып әуре болма,
Үйде жат, мезгіліңмен тамағыңды іш! [3, 174] –

деп Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың өмірін мысал еткен. Ақынның Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың Алла жолында өзінің баласы Смағұлды (ғ.с.) құрбандыққа шалуға ниет еткен оқиғасын мысалға алғаны анық. Мәшһүр қажылыққа аттанар кез-келген пенденің жүрегіндегі иман нұры Ибраһимдей (ғ.с.) кемелдікке келген сәтте ғана қайырлы болатынын айтады. Ғылымсыз қылған іс – құр қиналу. Ақын пайымдауында мүмін жүргегіне иман гүлі талмай ізденіспен, ғылыммен ғана егіледі. Бұл туралы ол:

Қажы барып кеп, көргем жоқ оңған кісі,
Қажы барды-ақ бұзылады өңі-түсі.
Ғылымсыз қылған ғамал – құр қиналу,
Наданның бір жындылық қылған ісі [3, 172-173]. –

деп түйіндейді.

Ақын – жыраулар сырт көз үшін жасалатын жадағай құлшылықтың адам баласына абырой әкелмесіне ерекше көңіл бөлген. Мысалы, төмендегі өлең жолдарында Шал ақын:

Мекке менен Медине жолдың ұшы,
Алыс сапар дейді ғой барған кісі.
Ата менен ананды құрметтесен,
Мекке болып табылар үйдің іші [2, 83]. –

деп қажылықтан бұрын жарық дүниеге келуіңе себепші болып, тәрбие берген ата-ананың алдындағы міндеттерді өтеу үлкен сауап екенін ескертеді. Ақын ата-ананы құрметтеу барша мұсылманның қасиетті орны саналатын Мекке мен Мәдинеден артық деп отырған жоқ, бірақ оларға деген сый-құрметің болмай қажылық сапарыңнан өзің де, өзгеге де пайда жоқ екендігіне назар аударады.

Дін исламдағы бес парыздың бірі – зекет беру. Зекет – Құран Кәрімнің аят-сүрелерінде және Мұхаммед (ғ.с.)-ның бізге жеткен хадистерінде жиі айтылатын парыздардың бірі. Мысалы, Тәубе сүресінің 60-аятында: «Шын мәнінде садақалар (зекеттер) Алла тарапынан бір парыз; Қолы тар пақырларға, түгі жоқ міскіндерге, оны жинауға белгіленгендерге, көңілдері алынатын (жаңа мұсылмандарға) құлды азат етуге, борыштыларға, Алла жолына және жолда қалғандарға беріледі. Алла әр нәрсені білуші, хикмет иесі» делінген.

Сөз зергерлерінің өлең-тоғауларында зекет парызы туралы жан-жақты баяндалған. Мысалы, Қабан жырау «Ай, мұсылмандар, жарандар» атты толғауында зекет туралы былай толғайды:

Ай, мұсылмандар, жарандар,
Малыңнан зекеттеріңіз.
Бірлігін Хақтың біліңіз,
Хақ жолымен жүріңіз [13].

Алқа топтың алдында салиқалы сөз айтып, парасатты пайым жасаған Өмір ақын да Алланың адам баласына жүктеген осы парызын:

Бір Жаратқан – Алланың
Құдіретін көресің.
Малыңнан зекет бермесең,
Қасыңдағы отырған
Қарашыңды көрмесең –
Таңда- Махшар күнінде
Не деп жауап бересің? [5, 263] –

деп тұжырымдаған. Ақынның «қарашыңды көрмесең» деп айтып отырғаны жоғарыдағы аятта баяндалған кедей-кепшіктер мен міскіндер екені белгілі.

Мәйекті ойы бар мысалды Мақыш ақынның шығармаларынан да табамыз. Пендені тура жолдан адастырмайтын Алла алдындағы ұлық парыздың бірін ақын:

Сауабы ғибадаттың болмас деген,
Болмаса егер халалдан киім, тағам.
Зекет беріп сарып қылсын жақсы орынға,
Заты халал малының болған заман [7, 187] –

деп жырға қосады.

Пәтуасіз тірлігінен сақтандырар саликалы ойды Шәкәрім қажы айтқан:

Баста таза жаратты, сен таза бол,
Ұқсаң, анық айттым ғой бұл – тура жол,
Мақтан күйлеп, арамнан мал жинасаң,
Орның – дозақ, сорлы – сен, айтқаным сол! [12, 41-42].

деген шумағымен тарқаттық. Қазақтың қайырлы іспен ғана көркейерін көркем сөзбен кестелеп, шариғатпен бекіткен Шәкәрім қажының жоғарыдағы пікірі пенденің Иесі алдындағы амалдарына арқау болар ғибратты түйін.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан ақын-жыраулардың Құран Кәрімнің әр сүресіне, әр аятына тәпсір жасай отырып, өз оқырманына Алла аманаттаған парыздарды түсіндіргенін, оған ұйытуды мақсат еткенін аңғарамыз. Терме-толғауларда айтылған ойлар ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед(ғ.с.)ның өсиетімен сабақтаса отырып тыңдаушы жамағатқа тұнығы бұзылмай жеткізілген.

Әдебиеттер

- 1 Шал ақын. – Алматы: Арыс, 2003. – 200 б.
- 2 Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
- 3 Көпейұлы М. Шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.
- 4 Абай. Қалың елім, қазағым. – Алматы: Атамұра, 2002. – 223 б.
- 5 Көне күннің жыр күмбезі. – Алматы: Жазушы, 2007. – 496 б.
- 6 Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғ. бас кезі). – Алматы: Ғылым, 1993. – 479 б.
- 7 Жеті ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400 б.
- 8 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. – Алматы: Дешті Қыпшақ. – 2007. – 588 б.
- 9 Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастан. – Алматы: Айқап, 1993. – 79 б.
- 10 Иса. Бас иген заманында талай ақын // Жерұйық, 1993. – 27 наурыз.
- 11 Қашаған. Топан. – Алматы: Жалын, 1991. – 176 б.
- 12 Қазақ халқының философиялық мұрасы. 4 том. – Астана: Аударма, 2005. – 534 б.
- 13 Дауітұлы С. Қабан жырау // Қазақ әдебиеті. 1994. – 11 наурыз.
- 14 Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен. – Алматы: Халықаралық «Абай» клубы, 2006. – 724 б.

References

- 1 Bes ғасыр jırlyaydı. I tom. – Almatı: Jazwşı, 1989. – 384 b.
- 2 Şal aqın. – Almatı: Arıs, 2003. – 200 b.
- 3 Köpeyulı M. Şıǵarmalar jınaǵı. 2 tom. – Almatı: Alaş, 2003. – 432 b.
- 4 Abay. Qalıñ elim, qazaǵım. – Almatı: Atamura, 2002. – 223 b.
- 5 Köne künniñ jır kümbezi. – Almatı: Jazwşı, 2007. – 496 b.
- 6 Qazaq poeziyasınıñ antologiyası (XX ǵ. bas kezi). – Almatı: Ğılım, 1993. – 479 b.
- 7 Jeti ǵasır jırlyaydı. I tom. – Almatı: Jazwşı, 2004. – 400 b.
- 8 İztilewulı T. Şıǵarmaları. – Almatı: Deşti Qıpşaq. – 2007. – 588 b.
- 9 Şortanbay. Tolǵawlar, aytıstar, dastan. – Almatı: Ayqap, 1993. – 79 b.
- 10 İsa. Bas iǵen zamanında talay aqın // Jeruyıq, 1993. – 27 nawrız.
- 11 Qashaǵan. Topan. – Almatı: Jalın, 1991. – 176 b.
- 12 Qazaq xalqınıñ filosofiyalıq murası. 4 tom. – Astana: Awdarma, 2005. – 534 b.
- 13 Däwıtulı S. Qaban jıraw // Qazaq ädebıeti. 1994. – 11 nawrız.
- 14 Şahkärım. Jol tabalıq aqılmen. – Almatı: Xalıqaralıq «Abay» klwbı, 2006. – 724 b.